

**Тақырыбы:**  
**Әлем тіл білімінің жаңа  
бағыттары**

# Жоспары:

- 1.Этнолингвистика
- 2.Психоллингвистика
- 3.Когнитивті лингвистика
- 4.Прагмалингвистика және паралингвистика
- 5.Ареалды лингвистика
- 6.Танымды лингвистика
- 7.Әлеуметтік лингвистика

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінде» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социолінгвистика, психолінгвистика, статолінгвистика, паралінгвистика іспеттес этнолингвистика да – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала .

Орыс ғалымы **О.С. Ахманова** этнолингвистика терминіне мынадай анықтама береді: «Этнолингвистика – тілдің өмір сүруі мен дамуындағы тіл мен халықтың және лингвистикалық факторлар мен этникалық факторлардың өзара қатынасын зерттейтін макролингвистика саласы»

**Когнитивизм** – бұл адамның сана, зердесін, ойлау қабілетін және ментальді әрекеттері мен оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт. Бұл – адам болмысындағы білімі мен танымы туралы, дүниені қабылдау және тануы туралы ҒЫЛЫМ.

**Когнитивтік лингвистиканың міндеттерін**

*Е.С.Кубрякова* «тілдік процестерді, тілдік бірліктер мен категорияларды, т.б. олардың жадыда бейнеленуі, қабылдануымен байланысты меңгеру ретінде қарастырады».

**Когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны**

ретінде бүкіл концептуалдық жүйені құруда айрықша мәнге ие болатын, әсіресе, концептуалдық кеңістікті ұйымдастырып, оны жіктеудің негізгі бастаушысы болып табылатын концепт болып есептеледі. Яғни, зерттеу нысаны – санада бейнеленген ақпараттар мен білім.

**Когнитивтік лингвистиканың қызметі** – тілдегі бейнеленген мазмұнның санада қандай ақпараттар негізінде қалыптасқанын, қандай ғылыми шеңберінде, қандай психикалық қабілет негізінде қабылданғанын анықтау. Яғни, қызметі — дүниенің бейнесін белгілі бір жүйеде репрезентациялау. Бұл дегеніміз – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімнің көрінісі.

**Г.ГИЗДАТОВ:** “Когнитивтік бағыттың басты мәселесі – санадағы білімді жүйелеу. Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі– санада әмбебап модель қалыптастыру”.

**Э.СҮЛЕЙМЕНОВА:** “Тілдің когнитивтік аспектіде көрінуі ондағы мазмұнның жан-жақты танылуы мен дүниені бүтіндей меңгеруден байқалады. Бірақ, тіл жеке тұрып ақиқат дүниені бүтіндей таныта алмайды”.

**А.КИБРИК:** “Тілдік формалар когнитивтік құрылымдарды таныта алған жағдайда ғана тіл когнитивтік қырынан көрінеді”.

**Ж.МАНКЕЕВА:** “Тілдегі мазмұнның сақталуы оның куммулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланысты болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды”.


Тіл білімінің *психолингвистикалық* саласы ресми түрде 1953 жылы АҚШ-ның Блумингтон қаласында өткен алғашқы семинарда сөз болып, тіл мен психология пәндерінің арасында өзара түйісетін, тоғысатын құбылыстардың салдарынан адамның жеке сөйлеу әрекеті мен коммуникативтік актіде айқын байқалатын ерекшеліктерді терең зерттеу қажеттілігінен туындады.

Қазақ тіл психолінгвистикалық бағыт көркем мәтіндегі ұлттық психологияның көрінісін айқындау, бала тілінің қалыптасуын анықтау, өзге тілді меңгерудегі психикалық қабілеттің ықпалын зерттеу, тілдік тұлғалардың шығармаларындағы ассоциативтік бейнелердің сезімдік қабылдау ой-қиялынан өту жолдарын қарастыру мәселелері төңірегінде жүргізілді. Мәселен, Г. Гиздатов, Т. Аяпованың, Б. Бұқабаяеваның, Ш. Елемесованың ғылыми еңбектерінде қазақ психолінгвистикалық зерттеулердің өзекті нышаны байқалады. Г. Гиздатов адамның психикалық қабылдау қабілеттерінің (сенсорлы, перцептивті) ұғым тудыруда, затқа атау бергенде атқаратын қызметін, яғни тіл болып жарыққа шыққанға дейін санада ұғым құрлымының сезім мүшелері арқылы ұйымдасу деңгейін зерттеді. Ш. Елемесова Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы ұлттық психологиялық күйдің көркем мәтінде берілу жолдарын талдады.

**Әбілхан Алдамұратов** психолінгвистика мен оны зерттеудің мақсат-міндеттерін өздігінше айқындап көрсетті: «Қазіргі кезде тіл психологиясы саласында жүргізілген зерттеулердің бағыт-бағдары мен ерекшеліктері мынадай белгілер арқылы ерекшеленеді деуге болады: *бірінші белгі* — психолінгвистиканың негізгі зерттеу нысаны –сөйлеу операцияларының мән-жайы, яғни күрделі психикалық іс-әрекет ретінде қарастырылуы тиіс. *Екінші белгі* – сөйлеу әрекеті психологиялық тұрғыдан белгілі біі себепке тіркеледі де, ол қалайда өз алдына мақсат-міндет қояды. Бұл мақсат бойынша сөйлеу әрекетінен өзге де мәселелердің сырын тілдік құрал арқылы шешуді талап етеді. *Үшінші белгі* – тілдің ақиқат жүйесі. Бұл ерекшелік тілдегі бірліктердің өзара байланысуы мен жіптесуі. Төртінші белгі – адамның түрлі іс-әрекет түрлері сияқты сөйлеу әрекеті де белгілі мақсатқа бағыттталып жоспарланған міндетті шешуді көздейді. Мұндай ерекшелікте сөйлеудің қарым-қатынас жасаудағы мақсты көзделіп, ондағы міндетті шешудің жанама жолы мен тәсілін қамтиды».



# Психолингвистиканың мақсаттары төмендегідей:



- 1) Адамның сөйлеу қызметін зерттеу, яғни сөйлеудің тууын және оны түсінуді зерттеу;
- 2) Ана тілі мен шетел тілдерін балалар мен ересектердің үйрену үрдісін зерттеу;
- 3) Ішкі лингвистиканың әдістері арқылы алынған мәліметтердің шыншылдығын анықтау (Верификация лат.*verus* – шындық ).

# Психолингвистикада тәжірибенің негізгі үш түрі бар:

- 1) **Зертханалық тәжірибе** – тәжірибе өткізушінің күні бұрын тұжырымдалған гипотезаны тексеруі үшін өткізілетін тәжірибе;
- 2) **Табиғи тәжірибе** – сөйлеу үрдісін информанттарға табиғи жағдайда (жанұя, мектеп, жұмыс орны) өткізу;
- 3) **Ассоциативті тәжірибе** – информантқа әсерлеу мақсатында оның екі және одан да көп тілдердегі белгілі бір сөзге, сөз тіркесіне, сөйлемге реакциясын тексеру.

**Тест** – психолінгвистиканы зерттеудегі негізгі әдіс болып табылады. Ол жеке тұлғаның бағалау шкаласындағы орнын анықтау мақсатында өткізілетін жеке немесе топтық тапсырма болуы мүмкін.

## Тесттің түрлері

**Ашық тест** – онша қатаң талаптары жоқ, оларға объективті түрде баға беру қиын (диктант, шығарма, аударма және т.б.). Бұл тесттің жағымды жағы – информанттардың ой-желісін, ойлау мүмкіндіктерін, шығармашылық қабілеттерін бақылауға болады.

**Жабық тест** жалпыға бірдей, қатаң талапқа сай жасалған тест. Жабық тестте информант тек қана берілген сұрақтарға жауап береді. Әдетте жабық тест жауаптың бірнеше варианттары бар тесттер болып келеді.

Прагмалингвистиканың пәні (*гр. pragma-қимыл, қатынас*) нақты коммуникация үрдісінде тілдің субстанциялық және функционалдық қасиеттерін, яғни нақты бір ситуация кезіндегі нақты индивидтердің вербалды және вербалды емес қатынас құралдарын қолданып, пікір алмасуды зерттеу болып табылады. Яғни адам өз ойын оқырманға қалай жеткізеді, қатынас құралдарын қалай қолданады және тағы сол сияқты мәселелерді зерттейді.

Прагмалингвистика өткен ғасырдың 70-ші жылдарында пайда болған тіл білімінің жас, жаңа саласы. Алғаш Ч. Моррис еңбегінде сөз болған прагматика мәселелеріне Ю. С. Степанов, А ван Дейк, Г. Г. Матвеева, О. С. Москальская сынды ғалымдар еңбектерін арнап, прагматика теориясын дамытуға азды-көпті үлестерін қосты.

# Прагмалингвистикалық зерттеулердің мақсаттары:

- 1) Дискурсты, оның түрлерін қатынас мақсатына қарай және оның нақты бір коммуникация үрдісінде вербалды/вербалды емес қатынастармен жүзеге асырылуын зерттеу;
- 2) Мәтінді, оның түрлерін және мәтін ішіндегі байланыстарын зерттеу.

**Паралингвистика** (грек. *para* – қасындағы, маңындағы және лингвистика) хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен, паралингвистика – ”тіл – тілдік қатынастың вербалды емес белгілерін” зерттейді. Паралингвистика термині 1940ж. бастап қолданылады (А. Хилл енгізген).

# Паралингвистикалық тәсілдердің үш түрі бар.

- 1) кинетикалық, яғни, қимыл, поза, бет қимылы;
- 2) фонациялық, яғни дыбыстық (тембр, темп, дауыстау, кідіріс, әуен, диалектілік айтылу ерекшеліктері);
- 3) графикалық (әріптерді жазу – почерк, символдар және т. б.).

Сөйлемдегі сөзге қатысты паралингвистика құралдары үш түрлі қызмет атқарады: *қосымша хабар жеткізеді, сөз орнына қолданылады, сөзбен бірге қолданылады.*

**Ареалды лингвистика** (лат. *area* – аудан, кеңістік) – лингвистикалық география тәсілдері көмегімен тіл құбылыстарының кеңістікте тарауын және тіларалық (диалектаралық) қарым-қатынастарды зерттейтін тіл білімінің бөлімі. «Тіл-территория» қатынастарын зерттейді. Ареалды лингвистиканың негізгі мақсаты – тіл ерекшеліктерінің жергілікті тарауы мен изоглосстардың түсіндірілуі (географиялық картадағы белгілі бір тілдің таралу аймағын көрсететін сызықтар). Соның нәтижесінде тілдер мен диалектілердің өзара байланыс аймақтары (ареалдар) айқындалады. Ареалды лингвистика термині 1925 ж. пайда болды. Оны лингвистикаға енгізген М.Бартоли. Ареалды лингвистика лингвистикалық география, диалектология пәндерімен тығыз байланысты. Ареалды лингвистиканың негізгі ұғымы – тілдік немесе диалектілік ареал, яғни бөлек тіл құбылыстарының өріс алу шекаралары мен олардың жиынтығы (мыс.: түркі, славян, үндіеуропалық ареал).



**Танымдық лингвистика** (лат. *cognescere* ”танып білу, білу”) ” тіл - ойлау” қатынастарын, яғни адамның танымдық қызметінің нәтижесі мен үрдістері тіл мен сөйлеуде қалай көрінеді, ойлау категориялары тілдің идиоэтникалық категорияларымен қалай сәйкес келеді деген сұрақтарға жауап іздейді: ұғымның түрлері, концептер (сұлба (схема), сурет, фрейм және сценарий түрінде) және жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы; пікір, пайымдау және ұсыныстар.

Танымдық лингвистика туралы айтқанда негізгі екі түрлі үрдіс есте болуы керек. Олар: біріншіден, белгілі этностың ”әлемнің тілдік бейнесі” мен оның ерекшеліктері, екіншіден, қарым-қатынас кезіндегі менталдық үрдістер;

**Әлеуметтік лингвистика** (лат. soci (etos) қоғам, фр. lingua - язык) – ” тіл-қоғам” қатынастары жөніндегі ілім. Әлеуметтік лингвистика тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының аралығында туып дамыған тіл білімінің саласы. Оның негізгі объектісі – тілдің функционалды қызметін зерттеу. Қоғам құрамы жағынан біртекті емес, ол әр жастағы, әр түрлі мамандық иелерінен, әр түрлі саяси топтағы адамдардан тұрады. Олар өз тобының ішінде қарым қатынасқа түсу үшін өздеріне тән тілді қолданады (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, жаргон, арго, кәсіби тіл т.с.с.). Әрбір нақты қоғамда оның әлеуметтік-экономикалық құрылымына байланысты тілдер бірнеше қызмет атқаруы мүмкін: ең аз мөлшерде (жанұядағы тіл) және ең көп мөлшерде (халықаралық қатынас тілі). Әлеуметтік лингвистиканың ең басты мақсаты – әлем тілдерінің функционалдық типологиясын беру (олардың қызметінің саны бойынша). Сонымен қатар әлеуметтік лингвистика мемлекеттің тіл саясаты мен тілдік жағдайын, қоғамдағы екі тілділік пен көптілділікті, аз ұлттар тіліне көзқарас, мемлекеттік тіл мен ресми тіл мәселелерін зерттейді.